

МЫ УЧЛИ ОШИБКИ ПРОШЛЫХ ЛЕТ И ТЕПЕРЬ СТАРАЕМСЯ ОБЕСПЕЧИТЬ НАСЕЛЕНИЕ УГЛЕМ В ТЕПЛОЕ ВРЕМЯ ГОДА, КОГДА НЕТ АЖИОТАЖА И ЦЕНЫ ПРИЕМЛЕМЫЕ. КРОМЕ ТОГО, ПЕРЕГРУППИРОВАЛИ ПАРК ВАГОНОВ АО «КАЗТЕМІРТРАНС», ЧТОБЫ ОН БЫЛ ЗАНЯТ ТОЛЬКО В ПЕРЕВОЗКЕ УГЛЯ. ПРИ ЭТОМ ТАРИФЫ НА ВАГОНЫ ҚТТ НА 20-30 ПРОЦЕНТОВ НИЖЕ РЫНОЧНОЙ СТОИМОСТИ.

Турар ЖОЛМАГАМБЕТОВ,
заместитель председателя Комитета индустриального развития МИИР РК



№73 (2788)
20/09/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«HUAWEI» КОМПАНИЯСЫМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 14 қыркүйегінде Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзинпиннің Қазақстанға сапары – екі ел ынтымақтастығының ерекше стратегиялық мәртебесі мен келешегінің тағы бір жарқын көрінісі болды. Қазақ-қытай қатынастарының қазіргі көлік-логистика саласындағы жоғары деңгейі, көршілес елдердің ірі корпорациялары арасындағы өзара іс-қимылды тереңдету үшін қажетті алғышарт болып отыр.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Huawei Technologies Kazakhstan» ЖШС ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, үлкен деректер, интернет дүниелері және жасанды интеллект сияқты инновациялық технологияларды әзірлеудегі бірлескен жұмысты ілгерілету мақсатында өзара іс-қимылды көздейтін Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Ұзақмерзімді стратегиялық келісім нәтижелеріне таяудағы бес жылда қол жеткізу жоспарланып отыр.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ қозғалыс қауіпсіздігі деңгейіне, тасымалдау кезінде ұсынылатын қызметтер сапасына, транзиттен өту режиміне және теміржол тасымалы жүйелерінің біріктірілген жұмысына әсер ететін озық цифрлық технологияларды енгізу мен дамытуға ерекше назар аударып келеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ алға тартқан деректерге сүйенсек, компаниялар арасындағы ынтымақтастық әлеуеті технологиялық процестің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан темір жолдарында заманауи инновациялық технологияларды бейімдеуге, сондай-ақ қызметтер сапасының ең жоғары стандарттарын қолдауға мүмкіндік береді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасары Әнуар Ахметжановтың айтуынша, деректерді беру желісін жаңғырту және озық технологияларды қолдану есебінен қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейін, тасымалдау процесінің тиімділігін және еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік тұмақ. ҚТЖ мен Huawei қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін қазақстандық компаниялармен ақпараттық-коммуникациялық технологи-



ялар саласында белсенді ынтымақтасуды жоспарлап отыр. Алдағы уақытта енгізілетін озық технологияларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге ниетті.

– Теміржолдың жұмыс процестеріне коммуникациялық технологияларды интеграциялау өндірістік мүмкіндіктерді сапалы жақсартуға, клиентке бағдарлануды арттыруға және барынша пайдалану тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті Huawei Technologies Kazakhstan Бас директоры Макс Чжао Сюй.

Оның айтуынша, Huawei компаниясы

ҚТЖ-ның цифрлық трансформациясын қолдауға қашан да дайын.

«Қазақстан темір жолында цифрлық трансформациялауды жүзеге асыруға қолұшын созуға дайынбыз. Біз осы бағытта, заманауи бейімділіктегі және икемділіктегі зияткерлік жоғары технологиялық шешімдерді ұсынамыз. Бұл шешімдер қауіпсіз, ақылды және тиімді теміржол көлігі жүйелерін құру үшін бұлтты қызметтер мен байланыс қызметтерін ұсынады», – деді ол.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ТРАНЗИТТІК-КӨЛІК СЕКТОРЫН ДАМУҒА ЖОБАЛАРЫ

Өзбекстанның Самарқанд қаласында өткен Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев транзиттік-көлік секторын дамытуға байланысты пікірін білдірді.

Президент ШЫҰ аясында ауқымды экономикалық жобаларды жүзеге асыруға байланысты ойын білдіре келе, экономикалық ынтымақтастықтағы басым бағыттардың бірі ретінде транзиттік-көлік секторын атады. Ал ШЫҰ елдерінің тиімді экономикалық және көлік дәліздерін дамыту жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасының қабылдануы өзара логистикалық байланысты жақсартудағы маңызды жетістік деп бағалады.

– Өңгіме «Қытай – Еуропа» бағыты және Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша теміржол тасымалы, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай шекарасында үшінші теміржол өткелінің құрылысын салу жоспары туралы болып отыр. Осыған орай, мен ШЫҰ-дағы серіктестерді жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын. Шығыс Азиядан Парсы шығанағы елдеріне шығатын ең қысқа «Қазақстан-Түркіменстан-Иран» темір жолының әлеуеті зор. Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы транзиттік-көлік ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. Біз Орталық және Оңтүстік Азия арасындағы көлік бағыттарын кеңейту, «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» трансевразиялық дәліздерін дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді қолдаймыз. Жаңа мультимодальды көлік дәліздері мен логистикалық орталықтарды ашуға және қолданыстағыларын жаңғыртуға мүдделілік танытамыз, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сондай-ақ, ШЫҰ саммиті аясында Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисимен кездесті. Кездесуде транзиттік жүк тасымалын одан әрі ұлғайту мақсатында «Қазақстан-Түркіменстан-Иран» теміржолының әлеуетін дамыту мен Каспий маңы елдерінің порттары арасындағы тұрақты паром қатынасының мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі атап өтілді.

Ислам ТАЛҒАТ



Дидар МҮСРЕТАЛИЕВ,
Тараз станциясы вокзалының бастығы:

БҮГІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БИЛЕТКЕ СҰРАНЫС
ЖОҒАРЫ БОЛҒАНДЫҚТАН ВОКЗАЛДАҒЫ
КАССАЛАР САНЫ ҚЫСҚАРҒАН. ХАЛЫҚТЫҢ
60-70 ПАЙЫЗЫ ЭЛЕКТРОНДЫ БИЛЕТ АЛУДЫ
ЖӨН САНАЙДЫ. БИЛЕТ САТЫЛАТЫН БАЗА
ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ БОЛҒАН СОҢ БАР БИЛЕТТІ
ЕШКІМ ЖАСЫРА АЛМАЙДЫ. БҮЛ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР
ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНДАҒЫ КЕ-
ЛЕҢСІЗДІКТЕРДІ РЕТТЕУГЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ
ӘСЕР ЕТЕТІНІ АЙТПАСА ДА ТҮСІНІКТІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ

22 млн тонн

УГЛЯ ДОСТАВЛЕНО КАЗАХСТАНЦАМ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ
НАКАНУНЕ ОТОПИТЕЛЬНОГО СЕЗОНА

С НАЧАЛА 2022 ГОДА
ЗА БДИТЕЛЬНОСТЬ И
ВНИМАТЕЛЬНОСТЬ ПРЕМИРОВАНЫ

163

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКА

ПРОГНОЗИРУЕМЫЙ ОБЪЕМ
ПЕРЕВОЗОК КАЗАХСТАНСКИХ ГРУЗОВ
В 2022 ГОДУ СОСТАВЛЯЕТ ПОРЯДКА

3,2 млн тонн

В ГОД

Актуально

ОСОБАЯ РОЛЬ ҚТЖ

В стране определены основные принципы и подходы развития туризма. Министерство культуры и спорта разработало новый проект концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2026 года. При этом особая роль здесь отводится АО «НК «ҚТЖ».

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

В частности, новая концепция охватывает комплексное развитие и благоустройство туристских дестинаций страны, включая развитие транспортной инфраструктуры, доступность и развитие железнодорожного, воздушного, автомобильного сообщения и устойчивого городского транспорта, инфраструктуры пограничных пунктов пропуска.

Предлагается рассматривать туризм в качестве одного из национальных приоритетов экономического развития в республике. Как отмечают аналитики, экономические и социальные предпосылки для этого есть.

Также предлагается развивать туристскую инфраструктуру – транспортные хабы, аэропорты, железнодорожные вокзалы, автомобильные дороги местного значения, подъездные пути к объектам, расположенным вне населенных пунктов, придорожный сервис, санитарно-гигиенические узлы.

Отмечено, что при создании качественных и аутентичных туристских продуктов вокруг туристских дестинаций с учетом природного, историко-культурного, этнического разнообразия и особенностей гастрономии Казахстана также будет учтена культурно-географическая карта сакральных объектов страны «Сакральная география». При этом в качестве приоритетных территорий будут выступать такие туристские



дестинации, как Мангистауская, Туркестанская области, Алматинский горный кластер и другие.

Предполагается, что принятие концепции позволит создать необходимые условия для эффективного развития отечественной туристской отрасли и достигнуть цели по 8,2-процентной доле в структуре ВВП в 2026 году.

Вместе с тем будут признаны утрачившими силу концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года и государственная программа развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2019-2025 годы. Документ размещен на сайте «Открытые НПА» для публичного обсуждения до 23 сентября.

Напомним, ранее министр индустрии и инфраструктурного развития РК Каирбек Ускенбаев уже сообщал

о дальнейших планах по трансформации Казахстана темір жолы.

– В рамках трансформации АО «НК «ҚТЖ» в национальную транспортно-логистическую компанию предлагается: кооперация с мировыми транспортно-логистическими компаниями с синхронизацией, устранением «узких мест» и созданием Единого цифрового коридора, который обеспечит бесшовный обмен документами, доступ к международным рынкам; цифровизация транспортных коридоров совместно с PSA; создание внешних терминальных сетей в портах Ирана, Азербайджана, Грузии и Турции, – говорил Каирбек Ускенбаев на заседании Правительства.

Все это также будет способствовать развитию туристской отрасли страны.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ДЛЯ ВЫПОЛНЕНИЯ ЗАДАЧ



Морской порт Актау планирует привлечь средства Европейского банка реконструкции и развития (ЕБРР) для пополнения парка перегрузочной техники.

Дооснащение мощностей новой перегрузочной техникой – мобильными и портальными кранами, ричтракерами, портовыми тягачами – позволит организовать вторую технологическую линию по перевалке тяжеловесных и контейнерных грузов, что, безусловно, увеличит пропускную способность порта Актау.

С этой целью руководство порта ведет поиск источников финансирования. В течение последних шести месяцев проведено несколько раундов переговоров с ЕБРР по обсуждению индикативных предложений предполагаемого займа.

В рамках встречи с вице-президентом ЕБРР Аленом Пио на минувшей неделе стороны подписали мандатное письмо по вопросу рассмотрения условий финансирования приобретения перегрузочной техники.

Этим документом европейский банк подтверждает заинтересованность в предоставлении порту Актау долгосрочного обеспеченного займа. Окончательное решение будет принято в случае приемлемых результатов оценки и переговоров.

В изменившейся геополитической ситуации задача порта Актау заключается в создании условий для обслуживания увеличивающегося грузопотока, в том числе и транзитного. Так, в этом году ожидается двукратный рост контейнерных перевозок к уровню прошлого года – до 50 тысяч ДФЭ, а объемы перевозок по маршруту ТМТМ вырастут в шесть раз – до 3,2 миллиона тонн.

К слову, планируется также увеличить площадь портовой зоны СЭЗ «Морпорт Актау». Если сегодня ее площадь составляет 189,5 гектара, то в обозримом будущем она вырастет до 371,6719 гектара.

Любовь РОББА

ТҰРАҚТЫ ДАМУДА

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



Биыл Қазақстан мен Қытай мемлекеттері арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл. Өткен аптада Қытай басшысының Қазақстанға сапары барысында екі ел арасында түрлі салалардағы ынтымақтастық мәселелері кеңінен сөз болды.

Соның ішінде көлік, әсіресе теміржол саласының дамуына басты назар аударылды. Осы аралықта екі елдің арасындағы транзиттік және құрлық пен теңіздегі мультимодальдық тасымал тұрақты даму үстінде. Екі тарап осы уақыт ішінде 7 порт, мұнай мен газ тасымалдауға арналған 5 трансшекаралық құбыр желісін, 2 трансшекаралық теміржол магистралін және халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығын ашты. Биыл бірінші жартыжылдықта Қытай-Еуропа пойыздарының 6 195 пойызы Шыңжаңның екі порты арқылы Қазақстанға өтіп, жаңа рекорд орнатты.

Сондай-ақ, алдағы уақытта қос мемлекеттің «Бір белдеу, бір жол» бірлескен жобасына да жаңа серпін берілетіні мәлім болды. Бұл жоба 2013 жылы Си Цзиньпин Қазақстанға келгенде басталған еді. Сол кезде Қазақстан әлемде «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жария еткен бірінші елге айналды.


Қазақстан мен Қытай Еуразия кеңістігінде тиімділігі жоғары және ыңғайлы мультимодальды көлік артериясын құру бойынша белсенді жұмыс істеуде.

– 30 жыл ішінде екі ел арасындағы инфрақұрылымдық өзара байланыс айтарлықтай нығайып, автокөлік, теміржол, авиациялық тасымалдар мен құбыр желісін қамтитын көпвекторлы және мультимодальды инфрақұрылым желісі қалыптасып келеді. Қазіргі уақытта Қытай мен Қазақстан Еуразияның кең-байтақ кеңістігінде тиімділігі жоғары және ыңғайлы мультимодальды көлік артериясын құру бойынша белсенді жұмыс істеуде, – дейді Қытай басшысы «Казахстанская правда» газетінде жарияланған мақалада.

Қос тарап бүгінде жаңа теміржол өткізу пунктін ашу мүмкіндігін белсенді талқылап жатыр. Ляньюньган логистикалық терминалы қазақстандық тауарлар үшін теңізге шығуға жол ашады. Қазақстан арқылы транзитпен өтетін «Қытай – Еуропа» жүк пойыздары жеткізу бағыттарын әртараптандыруға ықпал етеді және жаһандық жеткізу тізбектері мен өндірістердің үздіксіз жүруінде маңызды рөл атқарады.

АЛМАТЫ-3 ВОКЗАЛЫ ҚАЙДА САЛЫНАДЫ?

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Алматыда Боралдай елді мекенінде үшінші теміржол вокзалы салынатын болды. Бұл туралы аптада Алматы қалалық мәслихаты XXV сессиясының отырысында қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев айтты.

М.Әзірбаевтың айтуынша, Алматы-3 вокзалының құрылысын «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ұсынған. Бұл вокзал жолаушылар вагондары бойынша жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол қазіргі таңда Сайн көшесі арқылы Боралдай ауданына қатынайтын негізгі жол салу жоспарланып отырғанын жеткізді.

– Жаңа вокзал Алматының бүкіл батыс аймағын қамтиды. Үшінші вокзалдың базасында көлік-логистикалық хабты дамытуға болады, – деді ол. Бұл мәселе бұған дейін де әкімдік өкілдері тарапынан сөз болып, Алматы-3 темір жол вокзалының құрылысы басталатыны белгілі болған еді.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК – ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

«КТЗ HSE» интеграцияланған өндірістік қауіпсіздік жүйесі Семей ЖТ бөлімшесі бойынша да қолданысқа енгізіліп, қазіргі күндері еңбекті қорғау ісінде біршама оң нәтиже беруде. Бүгінгі таңда Семей өңірі бойынша өндірістік қауіпсіздік жүйесінің «КТЗ HSE» мобильді қосымшасының деректері бойынша филиалда 3008 адам тіркелген екен. Бұл ретте әрбір қызметкер қауіпсіздіктің мінез-құлық диалогын жүргізу үшін мобильдік қосымшаны пайдалануға міндеттеліп отыр. Жаңашыл жобаның ел шығысындағы теміржолшылар үшін маңыздылығы артуда.

Айталық, ағымдағы жылы мобильді қосымша арқылы қауіпсіздік тақырыбында 928 диалог өткізіліпті. Бір ғана өткен тамыз айында 78 диалог жүргізілген екен. Жалпы бұл бағыттағы жұмыстар жыл сайын қарқын алып, жаңаша сипатқа ие болуда. Әсіресе, өндіріс саласына жаңадан қызметке орналасқан жас маман

үшін мобильді қосымшаның пайдасы мол. Өткен 8 айдың ішінде өндірістік қауіпсіздік жүйесінде ұлттық компания көлемінде орын алған көптеген оқыс оқиғалар мен ақаулықтар туралы бюллетеньдермен таныстыру өткізілген. Әсіресе семейлік қозғалыс саласында еңбек ететін теміржолшылардың белсенділіктері жоғары.

– Жалпы, «КТЗ HSE» мобильдік қосымшасын тіркеу кезінде анықталған ескертулердің нәтижелерін қарап, «КТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырревтің төрағалығымен өткен комиссия біздің филиалдың депосы мен станциясының 12 қызметкерін марапаттады. Соның ішінде бір қызметкер – 20 АЕК, үш қызметкер 130 АЕК көлемінде сыйлық алды. Тағы бірқатар теміржолшыларымыз 2, 4 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі марапаттарға ие болды, – дейді бұл орайда бөлімшенің еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің мамандары.

Аталмыш жүйе аясындағы жұмыстарға негізінен ішкі




бақылау жататынын ескерсек, бүгінде бөлімше басшылары еңбек қауіпсіздігінің жай-күйін қадағалауға баса назар аударуда. Бұл орайдағы негізгі міндет еңбекті қорғау бойынша барлық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру, жұмыс орындарын тексеру және анықталған кемшіліктерді жою болып отыр. Басты мақсат әрине бөлімше бойынша «нөлдік травматизмге» қол жеткізу

болып табылады. Сондықтан әрбір қызметкер нөлдік деңгейге жету үшін өндірістік қауіпсіздік жүйесінің маңыздылығын жақсы түсінеді. Соның бір нәтижесі болса керек, өткен сегіз айдың ішінде шығыстағы теміржолшылар арасында жұмыс орнында өндірістік жарақаттану жоқтың қасы, бірде-бір бақытсыз оқиға тіркелмеген.

Суретті түсірген автор

ТАРИФТІК ТӘУЕЛДІЛІК



Мерке ауданы – халық тығыз орналасқан Жамбыл облысындағы іргелі аудандардың бірі. Тарихы да терең. Мұндағы қазаны қайнаған кәсіпорындар қанша жылдан бері тоқтаусыз жұмыс істеп келеді. Ауыл шаруашылығы саласының да көрігі қызған.

Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл облысы

Меркедегі қант, сыра, май, мұнай өңдеу зауыттарына және жанар-жағармай қоймасына шикізаттар сырттан тасымалданады. Халық игілігіне жұмсалатын тауарлардың бірі темір жолмен жетіп жатса, екіншісі жүк көліктерімен тасымалдануда. Алайда, темір жолмен тасымалданатын тауарлардың тарифі Луговой станциясынан өткен соң күрт көтеріліп кетеді екен. Өйткені, Луговой станциясы мен Шалдавар (Қырғызстанмен шекаралас станция) станциясы арасындағы 41 шақырым болат жол толықтай Қырғызстан теміржолына қарайды.

Осы мәселені 2015 жылдан бері көтеріп жүрген облыстық мәслихаттың үш шақырылымының депутаты болған, меркелік кәсіпкер Совет Құлмамбетов уақытында жергілікті кәсіпкерлердің жанайқайын Парламент Мәжілісі депутаттарының құлағына да жеткізілті.

– Сол жылдары Қазақстан тарапынан Луговой мен Мерке станциясы аралығына екінші теміржол салынып, ол толықтай



Қазақстан теміржолына қарап, оны электрлендіру мәселесі де көтерілген болатын. Бірақ, өкінішке орай, бұл жоба тоқтап қалды. Меркелік кәсіпкерлердің тауарлары Луговой станциясына дейін қазақстандық тарифпен келеді де, одан бері қарай қырғызстандық тарифке ауысып, күрт көтеріліп кетеді. Сондықтан, біздер үшін шикізат тасымалы қымбат болып тұр. Екінші мәселе, шикізат тиелген вагондар Луговой станциясында апталап тұрып қалады. Неге десеңіз, вагондар жиналмай, маневрлік тепловоз қозғалмайды. Ол тепловоздар да

Қырғызстанға қарайды, жағармайды да солар құяды. Кейде тауарларды вагондардан түсіріп, жүк көліктерімен тасымалдап аламыз. Күн сайын ауыр зат, тауар тиелген жүк көліктері жолды талқандап жатыр. Оны ескеріп отырған ешкім жоқ, осылай өзімізге өзіміз зиян жасап, қолда барды дұрыс пайдалана алмай отырмыз, – дейді жергілікті кәсіпкерлер.

Біз осы мәселенің анық-қанығын білмекке «КТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалы директорының логистика бойынша орынбасары Әділ Түсүповке жолыққан едік.

– Расында жыл басында ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының тарапынан сауал болып, бұл мәселе қаралды. Сол жолы Мерке қант зауытының шикізат тасымалдау қозғалысының құжаттары зерттелді. Негізінен бүгінгі күнге дейін Қазақстанның ішкі нарығындағы шикізаттар Мерке станциясына дейін қазақстандық тарифпен тасымалданады. Мұндағы бағаны көтеріп тұрған ол – ТМД мемлекеттерінен жеткізілетін шикізат бағасы. Өкінішке орай, импорттық тариф саясатына біз араласа алмаймыз. Бұл – мемлекетаралық мәселе, – деді Әділ Түсүпов.

Жалпы, Луговой телімаралық станциясынан кейін 36,39 развезд, Мүнке, Мерке, Шалдавар станциялары толықтай Қырғызстан темір жолына қарайды. Ұзақтығы – 41 шақырым. Мерке станциясынан негізінен Бішкек – Мәскеу, Бішкек – Новокузнецк, Бішкек – Қазань жолаушылар пойызы өтеді. «Қырғызстан темір жолы» компаниясы Мерке станциясының бастығы Мақсатбек Шірікбаевтың айтуынша, тәулігіне кейде екі, кейде бес жүк пойызы өтеді екен. Ал станцияда еңбек ететін 20 шақты теміржолшының бәрі – жергілікті тұрғындар.

Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«КТЗ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «КТЗ Express» АҚ) «КТЗ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2022 жылғы 30 қыркүйекте 10.00-де (Астана уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «КТЗ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «КТЗ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің

шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Төмендегі жылжымайтын мүлік аукционға бағаны төмендету бойынша шығарылады:

№	Атауы	тоннаж	саны	бастапқы құны	старттық құны	ең төменгі құны	кепілдік жарна
1	Мүкәммал паркінен шығарылған аз тонналы контейнер	3	47	2 210 880	6 632 640	1 658 160	331 632
2	Мүкәммал паркінен шығарылған аз тонналы контейнер	5	1377	166 561 920	499 685 760	116 593 344	24 984 288

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының

ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: BSN: 050540004455, BSK: HSBKKZKX, IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Қазақстан халық банкі» АҚ, Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін біріңбіл болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару

күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде онымен шектелместен, мүлкті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды жауапкершілік көтермейді деп келіседі. Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («КТЗ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев,10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ), Астана қ., А.Жұбанов к, 16, 4-қабат) телефондары бойынша алуға болады.



ИСКЛЮЧИТЬ БРАКИ



В Актогайском и Матайском эксплуатационных локомотивных депо значительно повысилась культура производства, разработаны мероприятия по улучшению качественного состава локомотивных бригад, а также повышению профессионального мастерства за счет совершенствования технической учебы.

 **Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

В Актогайском эксплуатационном локомотивном депо с начала года допущен 61 случай внепланового ремонта локомотивов, в том числе тепловозов магистральных – 54,

маневровых – семь. По сравнению с аналогичным периодом 2021 года – увеличение на четыре случая.

Время простоя локомотивов при внеплановом ремонте составило 2 726,89 часа, по сравнению с прошлым годом произошло увеличение на 804,62 часа.

В депо проводится полный и детальный анализ каждого случая нарушения безопасности движения поездов. Причем вопрос расследования причин, без сомнения, относится к числу наиважнейших.

Что касается Матайского эксплуатационного локомотивного депо, то в Книгу замечаний машинистов с начала года поступило 1 226 рапортов, против 1 421 аналогичного периода прошлого года. По данным расшифровки скоростемерных лент, допущен 21 случай нарушений. Локомотивными бригадами ТЧЭ-26 применено 40 экстренных торможений по недопущению наездов. В том числе на людей – три, на скот – 37, из них 16 с наездом. Потенциально особо опасными участками, где чаще всего происходят наезды на скот, являются перегон Коксу – Кальпе, Уштобе – Курушдаласы и перегон Егинсу – Алажиде.

В работе АЛСН на локомотивах с начала года допущен 321 случай сбоя, против 375 в прошлом году. Осуществляется контроль над посещением технических занятий, качеством их проведения. Постоянно совершенствуется система технического обучения локомотивных бригад, машинистов-инструкторов, инженеров по расшифровке скоростемерных лент, дежурных по депо. Работники изучают системы автоведения на локомотивах ТЭП33А и системы безопасности движения БОРТ на локомотивах ТЭЗ3АС и компрессора ТУРООН.

– К каждому работнику предъявляются требования по вопросам безопасности движения поездов, повышению ответственности за выполнение своих должностных обязанностей, где ключевой задачей является минимизировать все риски, исключить браки и аварийность, – говорит ревизор безопасности по локомотивному хозяйству Алматинского отделения грузовых перевозок Айдын Увалиев.

Фото автора

СПАСАЮЩИЕ ЖИЗНИ



11 сентября 2022 года специализированный медицинский поезд «Саламатты Қазақстан» прибыл в Костанайскую область, где консультацию высококвалифицированных специалистов получают жители девяти отдаленных сел региона.

 **Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Врачи поезда «Саламатты Қазақстан» провели прием пациентов четырех отдаленных сел в вагонах специального поезда. Проект предоставил возможность жителям пройти обследование у высококвалифицированных врачей и на самом современном медицинском оборудовании. Никакие автомобили не вместят столько аппара-

туры и врачей, но благодаря «Саламатты Қазақстан» это стало возможным. Поезд оборудован кабинетами врачей, прием

ведут гинеколог, терапевт, невропатолог, кардиолог, хирург, офтальмолог, уролог, педиатр, оториноларинголог, стоматолог, рентгенолог, эндоскопист, врач УЗИ, маммолог. Здесь можно провести необходимые исследования пациентов: общие и биохимические анализы крови и мочи, рентгенографию и флюорографию, УЗИ,

ЭКГ. Есть в поезде и своя регистратура, перевязочный, процедурный кабинеты и операционный блок, где проводятся малые хирургические операции. Все услуги оказываются бесплатно.

Время показало, что данная акция жизненно необходима. Многие жители отдаленных сел и станций только в специализированном поезде смогли попасть на прием к врачу впервые за долгие годы. Специалисты неоднократно выявляли запущенные заболевания или, наоборот, на ранних стадиях, тем самым спасая людям жизни.

«Саламатты Қазақстан» на территории Костанайской области посетил станцию Сарыколь, здесь врачи провели прием пациентов 11-12 сентября, 13-14 сентября медперсонал был в Джаркуле, 15-17 сентября – в Тогузаке, 18-19 сентября – в Зааятском, 20-21 сентября – в Казанбасы, 22-23 сентября – в Койбагоре, 24-25 сентября в Ковыльном, 26-27 сентября – в Тасты-Талды и 28-29 сентября – в Фурмановском.

УРОКИ ДЛЯ ВЗРОСЛЫХ



Илецкие железнодорожники совместно с линейной полицией проводят профилактические беседы с родителями учащихся школ, прилегающих к железной дороге.

 **Яна ЛЕНИНА,**
Илецк

Надо сказать, что беседы со школьниками проводятся постоянно, но для должного эффекта необходимо правовое воспитание и взрослых. Поэтому социолог-психолог школы № 7 Соль-Илецка Наталья Сименько собрала родителей шестиклассников.

В ходе беседы главный специалист по безопасности движения филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» Бекболат Давлетов рассказал о правилах безопасного

перехода через железнодорожные пути, а инженер-технолог пункта технического осмотра (ПТО) станции Илецк Рамиля Нуржауова – о факторах, обуславливающих непреднамеренный наезд подвижным составом.

Они разъяснили, что поезд лишен возможности маневрировать и не может обогнуть препятствие, в отличие от автомобиля или велосипеда. Рельсовый транспорт имеет только одну степень свободы – движение «вперед-назад», а тормозной путь железнодорожного состава составляет не

менее 400 метров, поэтому предотвратить наезд практически невозможно.

Когда мамы и бабушки услыхали, что масса локомотива превышает 500 тонн, а грузового состава более пяти тысяч тонн, весьма впечатлились. Особенно после сравнения с весом Боннга-747, имеющего вес 250 тонн. Узнав, что сила воздушного потока, создаваемого двумя встречными составами, составляет 16 тонн, и при такой нагрузке человека просто затягивает под поезд, они задумались.

Начальник юридического отдела Динара Кульманова рассказала о возможности привлечения к административной и уголовной ответственности при совершении правонарушений на объектах транспортной инфраструктуры.

– Соблюдение правил нахождения на железнодорожном транспорте является залогом сохранения вашей жизни и здоровья! Строго следите за детьми, не разрешайте им ходить или играть вблизи железнодорожного полотна, – резюмировали специалисты-железнодорожники в конце беседы.

к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившем в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем

подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписавая протокол об итогах торгов подтверждает, что на момент покупки объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки объекта возмещению не подлежат и продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к продавцу по вопросу качества, комплектности объекта.

С положениями о порядке проведения Электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТЖ Express»-www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам 87710838734 (АО «КТЖ Express»), г. Астана, Дінмұхамед Қонаев, 10, и 8-7172-55 29 81 (АО «ІІУЦ»), г. Астана, ул. А. Жубанова, д. 16, 4-й этаж.

САРҚЫНШАҚОВ ӘБИ САРҚЫНШАҚҰЛЫ

Қыркүйектің 18-ші жұлдызында 88 жасқа қараған шағында «КТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшесі, Қазақстанға еңбегі сіңген көлік қызметкері, ұзақ жылдар Павлодар темір жолы бөлімшесін басқарған, есімі Павлодар облысының Алтын кітабына енген Құрметті теміржолшы Әби Сарқыншақов өмірден озды.



Әби Сарқыншақұлы 1934 жылы 11 мамырда Қызылорда облысы Тереңөзек ауданының Қызылту ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Ташкент теміржол көлігі инженерлері институтын бітірген жас маман жолдамамен Қарағанды темір жолының жаңадан ұйымдастырылған Павлодар бөлімшесіне жұмысқа келеді. Еңбек жолын станция кезекшісі болып бастап, инженер, пойыз диспетчері қызметтерін абыроймен атқарып, небәрі 26 жасында Павлодар станциясының бастығы болып тағайындалады. Ал 1975 -1996 жылдар аралығында Одақ темір жолындағы ең күрделі Павлодар бөлімшесін басқарды.

1997 жылдан бастап ҚР Көлік және коммуникация министрлігінде бас кеңесші, «Қазақстан темір жолы» РМК Бас директорының кеңесшісі қызметтерін атқарды. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ президентінің Солтүстік аймақ бойынша өкілінің орынбасары болды. «КТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңесінің тұрақты мүшесі.

Үкімет Ә.Сарқыншақовтың теміржол саласының дамуына қосқан үлесін жоғары бағалады. Кеңестік кезеңде Ленин, Октябрь революциясы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, 1970 жылы Құрметті теміржолшы атағын алды.

Тәуелсіз Қазақстан темір жолындағы ерен еңбегі үшін «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталды. Басқа да түрлі мейртойлық медальдар мен төсбелгілер, министрліктің алғыс хаты мен грамоталары бар, еңбек жолында 257 марапатқа ие болды.

Ә.Сарқыншақов – Қазақстан темір жолдарының тарихы туралы төрт кітаптың, салалық, жергілікті және республикалық баспасөзде басылған жүздеген мақалалардың авторы. «Ұмытпайтын 40 жыл» атты өз өмір жолынан естелік кітап жазып, жарыққа шығарды. Қаланың қоғамдық өміріне белсене араласқан ардагерге 1999 жылы Павлодар қалалық мәслихатының шешімімен Павлодар қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

Даңқты теміржол ардагерінің қазасына орай отбасы мүшелеріне және барлық туған-туыс, жақындарына қайғыра көңіл айтамыз. Қазақ темір жолының дамуына ұшан-теңіз үлес қосқан Әби Сарқыншақұлының жарқын бейнесі жұртшылық есінде мәңгі сақталады.

«КТЖ» ҰК» АҚ басшылығы мен ұжымы және теміржол саласының ардагерлері: Қ.С.Самбетов, А.В.Стародуб, А.С.Селбаев, М.Ш.Хамзин, Н.Қ.Есенғарин, Ю.И.Лавриненко, Б.Е.Шормақов, Б.А.Есенаманов, А.В.Степура, П.П. Синица, Е.Н.Рахметжанов, Ю.А.Расстрыгин, А.Б.Сәрсенбеков, Н.Т.Байдәулетов, Қ.Әсейітов, Қ.Ы.Котырев, Б.Б.Дүйсемалиев, Б.Қ.Жүнісов, Қ.С.Таласпеков, А.Т.Төлеушин, К.Н.Көкрекбаев, А.Т.Төреханов, Б. Қ. Нарғеев, Д.Д.Есімбеков және басқалар.

Центральный Совет ОО «Казпрофтранс» выражает глубокие и искренние соболезнования родным и близким по поводу безвременной кончины Почетного железнодорожника, Заслуженного работника транспорта Казахской ССР, Почетного гражданина Павлодарской области и города Павлодара, Почетного гражданина города Кызылорды

Саркыншакова Аби Саркыншаковича.

Руководство Павлодарского отделения грузовых перевозок и Павлодарского отделения магистральной сети, Павлодарский региональный Совет ветеранов железнодорожников и Павлодарский филиал ОО «Казпрофтранс» выражают искренние соболезнования родным и близким в связи с внезапной кончиной Почетного железнодорожника, Заслуженного работника транспорта Казахской ССР, Почетного гражданина Павлодарской области и города Павлодара, Почетного гражданина города Кызылорды

Саркыншакова Аби Саркыншаковича.

«Қазақстан теміржолшысы» газетінің ұжымы «КТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңес мүшесі, Құрметті теміржолшы, ұзақ жылдар салалық газеттің тұрақты авторы болған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Әби Сарқыншақовтың

қайтыс болуына байланысты ардагердің отбасы мен ағайын-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Express» (далее – АО «КТЗ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Express», которые начнутся 30 сентября 2022 года в 10.00 (время Астаны) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Express», утвержденным решением Совета директоров АО «КТЗ Express» (протокол от 10 января 2018 года № 1) (далее – Правила) и Регламентом проведения

электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляются следующие имущества:

№	Наименование	тоннаж	кол-во	начальная стоимость	стартовая стоимость	минимальная стоимость	гарантийный взнос
1	Контейнер малотоннажный, исключенный из инвентарного парка	3	47	2 210 880	6 632 640	1 658 160	331 632
2	Контейнер малотоннажный, исключенный из инвентарного парка	5	1 377	166 561 920	499 685 760	116 593 344	24 984 288

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК КӨРСЕТТІ



Жиынды ашқан Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің Ғылыми-техникалық ақпарат және сараптау орталығының басшысы Динара Жанұзақова өнертапқыштық тек қана өндірістік процестерді жақсарту мақсатында ғана жүргізілмей, ұжымдық-шығармашылық атмосфераны қалыптастырып, командалық ынтымақ беріктігінің де көрсеткіші деді.

Жалпы, бүгінгі күні Ғылыми-техникалық ақпарат және сараптау орталығының басшылығымен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі өзіне қарасты 20 мекемеде өндірістік-экономикалық міндеттемелерді үйлестірсе, Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі станциялардан бөлек Жамбыл вагон жөндеу депосы, Жамбыл локомотив пайдалану депосы және Шу локомотив пайдалану депо-сында өндірістік-экономикалық міндеттемелерді үйлестіріп отыр.

Ағымдағы жылы Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының метролог-экологы Дәулетхан Шөкеев 2021 жылдың қорытындысымен «Үздік өнертапқыш» атанып, арнайы төсбелгімен марапатталды. Болат жолда еңбек етіп келе жатқан жыл-



дар белесінде ол 25 өнертапқыштық ұсыныс жасап, өндіріске енгізген. Оның ішінде қомақты қаржылық экономикалық тиімділігін көрсетіп отырған төрт ұсыныс бар.

– Тренингке қатысушылар Өнертапқыштық міндеттемелер тәртібінің жаңа бұйрықтарымен және өзгерістерімен танысты. Сондай-ақ, жұмысты бағалау критерийлерінің өзгерістері мен өндіріске енгізілген өнертапқыштық ұсыныстарды қаржылай өтеу мөлшерін, формасын, өнертапқыштық міндеттемелерді қалай құқықтық қорғаумен қамтамасыз ету жолдарын талқылады.

Қатысушылардан өнертапқыштық ұсыныстарды сауатты рәсімдеу бойынша тест алынды. Тапсырмалар берілді, – дейді Динара Болатқызы.

Айтуынша, тренинг мамандарға айтарлықтай әдістемелік көмек көрсеткен. Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында Жамбыл бөлімшесі бойынша 28 өнертапқыштық ұсыныс қабылданып, оның 27-і өндіріске енгізіліп отыр. Жоспар 96,4 пайызға орындалған. Жиын соңында үздік идеяларымен көзге түскен өнертапқыштар марапатталды.

Ерман ӘБДИЕВ, *Тараз Суретті түсірген автор*

ОДИН В ПОЛЕ НЕ ВОИН



Талгат Сыздықов родился в Актогайском районе Карагандинской области. Через несколько лет семья Сыздыковых переехала в город Балхаш, там Талгат окончил казахскую среднюю школу, а затем поступил в профтехучилище, потом ушел служить в военно-морской флот.

– Вернувшись из армии, я устроился работать телемастером, но, как любому человеку, мне хотелось стабильности и уверенности в завтрашнем дне. О профессии машиниста знал давно, но не задумывался об этом. В конце 90-х годов решил пойти на железную дорогу. На станции Караганда-Сортировочная прошел обучение, где получил специальность помощника машиниста. После длительной практики стал работать машинистом. Около 14 лет сидел за штурвалом пассажирских поездов, но потом пересел на грузовые. В дороге случилось всякое, к примеру, нахождение посторонних на путях, но всякий раз справлялся с экстренными ситуациями в большей степени благодаря своевременному применению торможения.

В свободное от работы время Талгат Сыздықов увлекается футболом. Он приходит на поле, чтобы поболеть за ребят, с которыми трудится бок о бок.

– Отрадно осознавать, что наша молодежь отлично играет в футбол, занимается спортом, участвует во всех отраслевых и областных соревнованиях, одним словом, ведет здоровый



образ жизни. Это означает, что в будущем нашей страной станут управлять талантливые, спортивные, креативные, перспективные люди – строители Нового Казахстана.

Талгат Сыздықов живет в полной гармонии, получая радость от любимой работы и семьи. У него есть дети и подрастают внуки, в которых он видит продолжение себя.

Светлана МОГАЙ, *Караганда Фото автора*



ҮЗДІК ЕҢБЕК ӘУЛЕТІ

Мақат – теміржолшылар әулетінің алтын ұясы деуге болады. Сонау өлкеге теміржол тартылған 1936 жылдан бастап еңбек еткен жандардың ұрпақтары салада күні бүгінге дейін тер төгіп келеді. Солардың бірі – теміржолдағы жиынтық еңбек өтілі 425 жылды құрайтын Мырзағалиевтер әулеті республикалық байқаудың өңірлік кезеңінде жүлдегер атанды.

Республикалық «Еңбек жолы-2022» байқауының өңірлік кезеңіне қатысуға 37 адам өтінім берген. Олар «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістің үздік жас маманы», «Жастардың үздік тәлімгері» номинациялары бойынша іріктелді. Нәтижесінде, әлеуметтік әріптестік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық комиссияның шешімімен «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша Мақат ауданынан Мырзағалиевтер әулеті жүлдегер болып танылды.

– Атамыз Қабдол Қызылқоға ауданының Сарыкөл ауылында 1898 жылы дүниеге келген. 1913 жылдан еңбекке араласқан ол теміржол саласындағы еңбек жолын 1936 жылы жол дистанциясында жол жөндеуші болып бастап, Гурьев облысындағы алғашқы тар табанды, ұзындығы 517 шақырымды

құрайтын Гурьев-Қандыағаш темір жолы құрылысында өз қолтаңбасын қалдырған. 1947 жылдан бастап Бек-Бике, 21-бекетте станция кезекшісі болып қызмет атқарып, 1958 жылы зейнеткерлікке шыққан, – дейді немересі Өтеген Мырзағалиев.

Қабдолдың Жексенбай, Сисенбай атты ұлдарынан 8 ұл, 3 қыз өрбіген. Бүгінде солардан тараған ұрпақ, яғни Қабдол атаның немере-шөберелері осы темір жолда, жол жөндеу дистанциясы, локомотив депосы, вагон депосы, басқа да салаларда еңбек етіп келеді. Жеңімпаздардың құжаттары ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жолданды. Алда – республикалық байқау.

Еділ ЕРМЕК, *Мақат Суретті түсірген автор*

С БЛАГОДАРНОСТЬЮ ГЕРОЮ

Глава региона навестил семью 42-летнего монтера пути станции Красноармейка Еркебулана Жузбаева. Напомним, 26 августа на трассе Павлодар – Шарбакты железнодорожник спас из горящего автомобиля четверых человек, после чего легковушка взорвалась.

Накануне праздника – Дня семьи – Абылкаиp Скаков отметил народного героя нагрудным знаком «За заслуги перед областью» и денежным сертификатом, поблагодарив за проявленное мужество и отвагу.

– Героический поступок, совершенный вами, должен стать примером другим. Я горжусь тем, что в нашей области есть такие люди, которым небезразлична судьба окружающих. От всех жителей региона благодарю вас за проявленное мужество и спасение жизней, – отметил аким области.



Еркебулан Жузбаев вместе с супругой воспитывает двоих дочерей. Отметим, это личное поощрение главы региона. – Эта награда стала для меня полной неожиданностью. Очень благодарен акиму Абылкаиру Скакову. А еще хотел бы выразить признательность своему трудовому коллективу. Телевизор от моих коллег стал приятным подарком для нашей семьи, – сказал Еркебулан Жузбаев.

Айдана ЕРТАЙ, *Павлодар Фото Валерия БУТАЕВА*



КОМАНДНЫЙ ДУХ СОСТЯЗАНИЙ

В Алматы прошел чемпионат АО «НК «КТЖ» по мини-футболу, посвященный памяти первого председателя Казпрофтранса Шубина Бориса Егоровича. Мероприятие приурочено к 25-летию АО «НК «КТЖ» и 30-летию Профсоюза.



Семнадцать команд из всех регионов Казахстана сразились на футбольном поле спортивного комплекса «Меркурий Медет», где продемонстрировали честную и бескомпромиссную борьбу, показав интересную игру.

На церемонии открытия с приветственным словом выступил председатель ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» Оразали Ахметбаев.

Он отметил, что огромная честь участвовать в соревнованиях на Кубок имени Б. Е. Шубина – человека, который внес неоценимый вклад в развитие отраслевого спорта, физкультурного движения. Среди почетных гостей – заслуженный ветеран отрасли Калтай Самбетов, сын Бориса Шубина, Максим.

Матчи сопровождались разочаровани-

ями за обидное поражение и неумейной радостью победы. За третье и четвертое места сразились команды Костаная и Жамбыла, показав технику игры и профессионализм. Со счетом 3:2 победила команда Костаная, занявшая третье место в турнире. Темп задали спортсмены из Мангистау, продемонстрировав отличную технику ведения мяча, занявшие второе место. В результате жарких футбольных баталий первое место завоевала команда из Караганды, показав энергично завораживающую игру, вырвав победу у соперников из Мангистау со счетом 3:1. Традиционно были определены лучшие игроки турнира. Лучшим бомбардиром стал Исланбек Орынғалиев из Атырау, лучшим вратарем – Жандос Пошта из Тараза.

В номинации «Самый полезный игрок» – Даулбай Кужаниязов, «Самый активный игрок» – Абылай Әбілхайыр из Шым-

кента и «Самый перспективный игрок» – Ризабек Жумабеков из Павлодара.

Награждая спортсменов, заместитель председателя Казпрофтранса Бахытжан Куанышев отметил, что кубок памяти Шубина – это возможность отдать дань признательности выдающемуся человеку.

– И сегодня на смену приходят новые молодые и перспективные спортсмены. Это залог здорового общества, а значит, сильного и успешного будущего нашей отрасли и нашей страны, – сказал Бахытжан Куанышев.

Призеры и победители награждены кубками, медалями и ценными призами. Юбилейными медалями к 25-летию АО «НК «КТЖ» удостоены инструкторы по спорту из Караганды, Мангистау, Актобе, Костаная и Достыка.

Елена КОЛДАСБАЕВА, *Алматы Фото автора*



ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРИ ӨТТІ

Жуырда Атырау теміржолшылары өткен жылы дүниеден өткен әріптестері, саланың қозғалыс қызметінде жарты ғасырға жуық еңбек еткен Аманқос Есекеновті еске алып, шағын футболдан турнир өткізді.

Аманқос Есекенов еңбек жолын 1972 жылы Гурьев-2 станциясында пойыз құрастырушының көмекшісі болып бастаған екен. Атырау станциясының ол кезде қыз-қыз қайнап, күні-түні вагондардың жөңкіліп жатқан кезі. Маневрлік жұмыстардың қиындығын сол салада жұмыс істегендер жақсы біледі. Осы жұмысты әбден меңгерген соң Аманқос Қадырұлы маневр диспетчері болып ауысады.



Техникумда алған білімі оған істің тегігін таба білуге және нақтығына жауапкершілікпен қарауға көмектесті. Содан кейінгі жылдары қызметте сатылай өсіп, станция бастығының орынбасары, станция бастығы болды. Еңбектен қол үзбей Алматы темір жол

көлігі инженерлері институтында сырттай оқып, жоғары білім алды. 1992 жылы Атырау темір жол бөлімшесі бастығының 1-ші орынбасары болып тағайындалды. Атырау мұнай өңдеу зауытында «АНПЗ-транс» мекемесінің бас директоры болып та қызмет жасады. Зейнеткерлікке шыққан соң «Болат жол» компаниясының кәсіподақ ұйымын басқарды.

«Ол мектеп кезінен спортқа жақын боп өсті, бөлімшедегі спорттық жарыстар онсыз өтпейтін. Әсіресе, футболды ерекше сүйді. Облыстық және салалық командаларда ойнады. Әріптестері оны тек теміржолшы ғана емес, мықты футболшы-спортшы ретінде де жақсы біледі» дейді спорт секторының жетекшісі Ринат Иманғазиев.

Шараға Аманқос ағаның ұрпақтары қатысты. Әріптестері мен шәкірттері марқұмды еске алып, жақсы сөздері мен жылы естеліктерімен бөлісті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, *Атырау Суретті түсірген автор*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Мүздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	ҚАЗКӨЛІККӘСІП Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Басылымның таралымы 11 340 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,	автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73 Караганды: Светлана Могой 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.
---	--	---	--	---